

«ЧИНГИЗ-НАМЕ» ЕСКЕРТКІШІНІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

Түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдері арасындағы жалғастық генеологиялық, типологиялық, ареалдық, функционалдық аспекттерде, жекелеген тілдердің, тілдік топтардың мәліметтері негізінде XIX ғ. бастап зерттеліп келеді.

Тұпнұсқада сакталып, бүгінгі күнге жеткен тарихи жазба мұраларымыз сирек болса да кездеседі. Солардың бірі ортағасыр жазба әдеби тілінің ескерткіші – “Чингиз-наме”.

«Чингиз-наме» XYI ғасырдың I жартысында Шайбанид Иш-султанның тапсырысымен Утемиши Хаджи тарарапынан жазылған. Шығармада негізінен

XIY ғасырдағы Алтын Орда және Қазақстан тарихы туралы сөз болады.

Қолжазба туралы алғашқы мағлұматтар Е.Ф.Кол, В.В.Бартольд және А.З.Валидованың енбектерінде көлтірлген [1].

Ескерткішті зерттеуде Қазақстан ғалымдарынан шығыстанушы В.П.Юдинның еңбегі ерекше. В.П.Юдинның еңбегі негізінде Ю.Г.Баранова және М.Х.Әбусейітова қолжазбаның факсимиле, аударма және транскрипциясын алғаш рет 1991 жылы жариялады [2]. Бұл ескерткіш тарихшы-ғалымдар зерттеулерінде біраз зерттелген болса, тілші маман-

дар тарапынан өлі зерттеу нысаны болмаған. Проза жанрында жазылған шығармалар мәтіні поэзия жанрында жазылған шығармалар мәтінінен тіл өзгешеліктері бойынша ерекшеленеді. Сондықтан «Чингиз-наме» ескерткіші XVI ғасыр түркі тілінің проза жанрында жазылған шығарма ретінде тіл білімінде жан-жакты зерттеуді талап етеді. Осы максатқа орай төменде «Чингиз-наме» ескерткішінің лексикалық ерекшеліктерінен лексика-семантикалық құбыlyс туралы алғашқы зерттеу баяндалады.

Лексикалық-семантикалық топ үнемі қозғалыста болады. Олардың құрамы үнемі өзгеріп отырады. Кейбір жеке сөздердің мағынасы дамып, күрделеніп отыrsa, енді бір сөздер сөздік құрамнан шығып қалып отырады. «В письменных памятниках, как известно, лексический и грамматический строй языка не находят полного и всестороннего отражения. В них фиксируется лишь отдельные крупицы языка, ограниченные темой и задачами, поставленными перед собой автора и рукописей и памятников», – деп жазады М.Ш.Шириалиев [3].

«Чингиз-наме» ескерткішіндегі синонимдер. Әр бір тілдің сөздік құрамының дамуы мен өсуіндегі ең маңызды, ері ең күрделі құбыlyстардың бірі синонимдер болып есептеледі [4, 8]. Синонимдер тілдің даму деңгейін ғана көрсетіп қоймай, сонымен бірге әрбір тілдің тарихи өзгерісін де көрсетеді. Ол туралы Л.В.Щерба былай дейді: “Развитый литературный язык представляет собой весьма сложную систему более или менее синонимических средств выражения, так или иначе соотнесенных друг с другом” [5, 26]. Синонимдік қатардағы әр бір сөз бір-бірінен мағыналық ренктері және стилистикалық түстерімен ерекшелінеді [6, 116].

Төменде «Чингиз-намедегі» синонимдердің жасалу тәсілдеріне, синоним сөздердің құрамдық компоненттерінің саны мен лексика-морфологиялық ерекшеліктеріне тоқталамыз.

«Чингиз-наме» ескерткішіндегі синоним сөздер кәзіргі ұғыры тілінде де кен қолданыс табуда.

Ортағасырда түркілік ортада ислам мәдениеті жолына түсken парсы әдебиетінің ықпалы күn санап күшейді. Арабша-парсыша оқыған оқымыс-тылар көбейсе бастады. Ислам дінінің кеңінен таралуы шығыс мәдениетінің өрлеуі кезінде (XIV–XV ғғ.) ғылыми және әдеби шығармаларды араб тілі және парсы тілінде жазу дәстүрге айналды. Міне осында жағдайлар ықпалымен жазба әдеби тілде ислам діні, ислам мәдениетіне байланысты көптеген жаңа ұғымдар арабша немесе парсыша кірікті, сонымен катар жазба әдеби тілде ертеден келе жатқан байрығы түркілік атаулар да арабша немесе парсыша ата-

улармен ауыстырылды немесе катар қолданылды және жазба әдеби тілде синонимдік қатардың көбеюіне алып келді.

Бұл барлық түркі тілдеріне сөздік көрдің баюна, толығуна әкелген ең өнімді жолдардың бірі. Мұны Утемыш қажы шығармасынан да байқауға болады. Мәселен, аваз – үн, адәті – рәсмі – қағыдә, аләм – дунйа – жәнан, алқыш – тәсін, аш – тәъам, әйал – зәйіфә, әл – хәлайық, өмүр – ыяят т.б.

«Чингиз-наме» ескерткішінде сонымен қатар синонимдік қос сөздер де қолданылады.

Синонимдік қос сөздер арқылы сөз тудыру түркі тілдерінің ежелгі дәүірлерінде де қолданылған [7, 80]. Синонимдік қос сөздердің жасалуын А.Т.Қайдаров төмендегідей түсіндіреді: “...образование парных синонимов в семантическом плане происходит двояко: в целях взаимного усиления значения компонентов и особого подчеркивания оттенков собирательности, обобщенности общей семантики и в целях перевода значения заимствованного слова коренным или взаимного пояснения и дополнения значений заимствованных слов” [7, 83-86]. Шығармадағы синонимдік қос сөздер ғалымның бұл пікіріне жақсы мысал бола алады. Олар: мөмүр – мәзкүр, аш – тәъам, есән – аман, дәвләт – сәъадәт, марал – кейік, аб – аш, қәвмі – қәбіләсі, кул – нәвкәр, ойна – күлә, ата – ана, алла – тәъала, худай – тәъала, тәнрі – тәъала т.б.

«Чингиз-наме» ескерткішіндегі синонимдік қатар түзуші сөздердің құрам санына қарай төмендегідей бөліп көрсетуге болады:

a) екі сөзден тұратын синонимдік қатар.

Улағ – жанвар, аға – іні, алқыш – тәсін, әгәр – әгәрчә, әнін – көнләк, жәфа – мәшәккәт, ай – сөзлә, аңла – ішіт, қазір – фільал, фәкір – ықір, фійадә – ыайғағ, салығ – сейүрғал, рійазэт – жәфа, үйгіт – оғыл, кечә – ахшам, аб – су, көп – бісайар, бу – ушбу, ат – ылықы, алқыш – тәсін, аш – тәъам, әйал – зәйіфә, қәлқә – шәңэр, әл – хәлайық, мәмлікәт – дәвләт, өмүр – ыяят, кечә – тұн, нәсінәт – мәсләнәт, барчо – ыеммо, әлаңидә – мәхсус т.б.

b) үш сөзден құралған синонимдік қатарлар:

Сөз – зікр – нәқл, соң – ахір – тәмам, үн-аваз – сәда, таң – сабақ – сәңәр, тоғра – раст – дуруст, башға – өзгө – сайір, тәнрі – худа – тәъала, адәті – рәсмі – қағыдә, аләм – дунйа – жәнан, білан – вә – ыәм, йәнә – тәхи – дағи, нә – гаи – яки, сұltан – падиша – шаң т.б.

«Чингиз-наме» ескерткішіндегі көптеген синонимдік қатарлар нақты сөз табына байланысты болып келеді. Осыған байланысты «Чингиз-наме» ескерткішіндегі синонимдік қатарлардың морфология-

лықсипатын былайша танытуға болады:

1. Зат есімге тән синонимдік қатарлар:

Улағ – жанвар, аға – іні, әнін – көңләк, жәфә – мәшәкәт, салығ – сөйүрғал, йігіт – оғыл, аб – су, аш – тәъям, өмүр – ыаят, сөз – зікір – нәкл, адәті – рәсмі – қағыді т.б.

2. Сын есімге тән синонимдер:

Башға – өзгө, әльзиңде – мәхсус т.б.

3. Есімдікке тән синонимдер: барчө – ыеммә, ушбу – бу т.б.

4. Үстеге тән синонимдік қатарлар: көп – бісіар, кече – ахшам, ыазір – фільял т.б.

5. Етістікке тән синонимдер: ай – сөzlә, аңла – ішті т.б.

6. Шылауларға тән синонимдер: а) жалғаулықтар: билән – вә – ыем, йәнә – тәхи – дағи т.б.

«Чингиз-наме» ескерткішіндегі антонимдер. Көркем әдебиет мәтіні құрылымында кен таралған және маңызды лексикалық бейнелеу құралдарының бірі – антонимдер болып есептеледі. Себебі, қарама-қарсы мағыналық түсініктөр адам ақылының табиғатына тән болып, тұрмыстағы әртүрлі көзқарастардың, ғылыми танып-білудің, философиялық құрылымдардың эстетика, этика және діннің негізін құрайды [8, 7]. Шынында да, контрасттық бейнелеу, ежелгі дәуірлерде жаратылған көркем шығармалар авторлары жағынан да кен қолданылып келген стилистикалық фигура болып, Европа поэтикасында антитеза деп аталса, араб-парсы поэтикасында мутәбәкә немесе мутәдад деп аталған [9, 183].

Б.Сағындыков: “Халық байырғы заманнан-ақ жақсылық пен жамандықты, жағымды қасиет пен жағымсыз қасиетті, табиғат пен қоғам өміріндегі қарама-қарсы келетін құбылыстарды айыра білген. Міне соның нәтижесінде қарама-қарсы мағыналы сөздер туған”, – дейді [10]. Ал К.Аханов: “Антонимия құбылысы көбінесе сапалық ұғымдармен шектелгендейтін, оның тіл-тілде синонимия, полисемия құбылысына қарағанда, өрісі тар болады”, – [11, 193] деп жазады.

«Чингиз-наме» ескерткішіндегі антонимдік жүргіліктер құрылымдық түрғыдан былайша топтастыруға болады:

а) әр түрлі түбірлі немесе лексикалық антонимдер:

ата – ана, көп – аз, ал – бәр, андағ – мундағ, аст – үст, бакыр – алтун, баш – айақ, қул – султан, қышлағ – йайлағ, йат – өз, дуруст – ယал-ған, раст – ялған, дост – дүшман, йайағ – атлы, йақын – йырак, йаман – йахшы, йоқ – бар, йуқаяры – төбән, кағір – мусулман, йігіт – қызы, құн – тұн, қәдім – фільял, қызы – оғыл, ақ – қара, мұшқұл – асан, өз – өзгө,

өлүк – тірік, сөңөр – кәч, сол – он, сора – тә, сұст – сөzlә, таш – іч, тур – олтур, йэр – көк, тұн – күн, түш – чық, тірліді – өлді, узақ – йақын, хәта – дұруст, қәдім – ыазір, чық – кір т.б.

ә) бір түбірлі немесе грамматикалық антонимдер: әк – біәк, мәълум – намәълум, тиридин – тильтисицидин т.б.

Жалпы алғанда, «Чингиз-наме» ескерткіші тілінде лексикалық антонимдер басым, себебі оларда қарама-қарсылық ашық-айқын болғандыктан, шығарма тілінің әсерлілігін арттыруда ұғымда қуран ретінде қолданылады. Бір түбірлі немесе грамматикалық антонимдер «Чингиз-намеде» айтартықтай көпемес. Түркітанушылар арасында осы кезге дейін грамматикалық антонимдер туралы мәселе нақты шешімін таптаған даулы мәселелердің бірі. Кейбір ғалымдар жалпы тілде бір түбірлі антонимдер жоқ деп есептесе [12] көптеген түркітанушылар грамматикалық антонимдердің бар екендігін айтады [13].

Грамматикалық антонимдердің мағынасы түбірде емес, керісінше – аффикстерде байқалады. «Чингиз-намеде» қарама-қарсылықты сипаттайтын аффикстер мыналар: -лік, -сіз; Біліккіл – біліксіз, қылыш – қылышсыз, charg – chargsіz т.б. Парсы тілінен енгін сөз алды жұрнағы бі-, на- әдәб – біәдәб, әк – біәк, дәвләт – бідәвләт, тақэт-бітакэт, хәбәр – біхәбәр, ысаб- ысаб, charg – бічарі, іхтіяр – біхтіяр, ыәкк – науәкк, үмід – наұмід, мәрд – намәрд т.б.; -ма/-мә жұрнағы арқылы жасалған етістіктің болымды түрі мен етістіктің болымсыз түрі: ал – алма, ат- атма, буз – бузма, көл – көлмә, көр – көрмә, таб – табма, чық – чықма, бар – барма, біл – білмә, болур – болмас, қал – қалма, қыл – қылма т.б. «Чингиз-наме» ескерткішіндегі антонимдер негізінен төмендегі сөз таптаратынан тұрады: Сын есімдер: ақ – қара, мұшқұл – асан, яхши – яман т.б. Зат есімдер: ата – ана, көк – йэр, дост – дүшмән, қыз – оғыл т.б. Етістіктер: бәр – ал, сора – дә, сұст – сөzlә, тур – олтур, тірліді – өлді, чық – кір т.б. Үстеге: аз – көп, йоқары – төбән, құн – тұн, қәдім – ыазір т.б. Сан есім және есімдердің антонимдік қолданылуы шығармада аз да болса кездеседі: бир – он, бир – мин, маңа – саңа, мән – сән, өз – өзгө т.б.

«Чингиз-наме» ескерткішіндегі омонимдер. Тіл білімінде омонимдер туралы екі түрлі көзқарас бар. Дәстүрлі көзқарас бойынша омонимдер құрамына тек фонетикалық жағынан ұқсас, бірақ генетикалық жағынан бір-біріне еш катысы жоқ, құрылымдық ұқсастыққа ие сөздер енгізіледі. Бұл ұқсастық – сөздердің фонетикалық өзгеруі, жана сөздердің сырттан қабылдау немесе сөз жасау барысында пайда болуы мүмкін. Мұндай омонимдерді

гетерогендік омонимдер деп атайды. Екінші көзқарас бойынша, омонимдер құрамына мағынаның дамуы, өзгеруі барысында бір-бірінен семантикалық байланысы үзіліп қалған, баста шығу тегі бір болған сөздер енеді. Мұндай омонимдер гомогендік омонимдер деп те аталады [6, 136]. Л.А.Новиков омонимге мынадай анықтама береді: “Это семантическое отношение внутренне несвязанных (немотивированных) значений, выражаемых формально сходными знаками (лексемами) и различающихся в тексте благодаря разным контекстуальным окружениям” [14, 209].

«Чингиз-наме» ескерткішіндегі омонимдер негізінен түп-төркіні әр түрлі сөздердің тарихи өзгерісі немесе кенеттен дыбыстас болып келуі нәтижесінде пайда болған омонимдер кездеседі. Мұндай омонимдер шығармада көп қолданылған: **ай I** (уақыт мағынасында) Бир нәчә *ай* анда болуб вілайёттің ішін-кучин зәйт-рәебт қылыб малхәражын қәбул қылдурубы даруғә-ъакімлар койуб музәффәр вә мәнсүр өз вілайёттің қайтдылар (40а-3). – **ай II** (етістік) Шәйх *айды*: «әгәр тәфәрруқінә түшәрсән, әгәр мәшәққәтінә түшәрсән, худайі тәъланың тәқдірінғә чарә йоқ туур», – теді (41б-14). **Ақ I** (сын есім) Алтун босағалы ақ өргөні Сайынханға салды (38а-17). **Ақ II** (етістік) Йожы-хан йадыға түшүб көзләріндін йашлар ақытыб екісігө тәқы көп дуъа-алқышлар қылды (39а-16). **ат I** (етістік) Аны қувалаб атардә атдын йықылыбы бойны сыныбы вәфат болды (37б-14). -**ат II** (зат есім) Менің атым Санғусун (47а-13). **Ат III** (зат есім) Атла-рынгә йәм болсун тәб Хварәзм вілайётіні бәрді (37б-11). **Бар I** (етістік) Сән-ок *бар!* Мән бармаймән, – тәб атдын філъял түшті, йатды (44б-17). **Бар II** Бізнің өдә ńәм мұнун тәк қіші *бар* әрді (44б-10). **Бой- I** Теніз-Буга-ай мәзкүрнін қышлақы дайім Сыр бойында болур әрді (51б-2). **Бой II** Хан кішісінің атларының бойыны қатыб келіб әрді (57б-1). **Йат I** (Етістік) Қәлқә хәлайықлары ыәм *йатыб* уқламадылар (40б-9). **Йат II** (сын есім) Йат йуртга барадурұбіз теб хан болып, – тедім (39а-6). **Йаш I** (зат есім) Йожы-хан йадыға түшүб көзләріндін *йашлар* ақытыб екісігө тәқы көп дуъа-алқышлар қылды (39а-16). **Йаш II** (зат есім) Сары-Такы атасыцын бурун секіз *йашларың* өлді (43б-1). **Йаш III** (сын есім) Бу Мун-Темур *йаш* әрді (43б-2). **Кәч I** (етістік) Бу казійәләрдің нәчә йыллар көчті (45б-10). **Кәч II** (үстенеу) Һала кәч болды (45а-2). **Қара I** (етістік) Мән ол тефәгә чықайын. Сізләр мундын қараб турун (42б-13). **Қара II** (сын есім) Қара кішігә кул-нәвкәр болуб ана мутіл болғанчә сізләрдің бірінің ханлық талашсаныз әрді (47б-15). **Қой I** (Зат

есім) Бір қой этінің көлтүрүб тәнурға асдылар (49а-6). **Қой II** (етістік) Өғөдай-ханны өз вілайэтінде қойды (37б-7). **Қыз I** (зат есім) Туralы-хан қызы зәйіфесіндін тұған әрді (37б-16). **Қыз II** (етістік) Сөксөк отунлардың йығыбы қыздурдылар (48б-19). **Таш I** (зат есім) Біз ол Жір-Кутлының қашанесіғә таш кірпіч қойғандә (38б-13). **Таш II** Өзбәг-ханың ішікігә келіб қоруның ташыде олтурууб мұтәвәжжіб болдылар (48а-11). **Тон I** (зат есім) *Бәгләр філъял алчіні атыб қайттылар, тоқы аттан* беріб узатдылар (44а-8). **Тон II** (етістік) Қолның іңіндө бу сәда-ай вә әламәт-і қобды кі, йәр-көк зілзіләгә келді, кулақлар тонды (40б-7).

«Чингиз-наме» ескерткішіндегі төмендегі сөз таптарына тән омонимдер кездеседі:

1. Затесімнен тұратын омонимдік қатар: йаш «көз жас» – йаш «жас» т.б.

Жартылай омонимдерге дыбыстық жамылымы бірдей, бірақ әртүрлі сөз таптарына тән болып келетін сөздер жатады:

1. Зат есім – етістік: *ат* “ат, есім” – *ат* “бір нәрсені атту”; *ай* «уақыт мағынасында» – *ай* «сөйлеу»; қой «хайуан» – қой «бір нәрсені қалдыру»; қыз «қызы бала» – қыз «қызызыру мағынасында»; *тон* «киім, шапан» – *тон* «тоңу» т.б.

2. Сын есім – етістік: ақ «тұр, тұс» – ақ «ағу»; *йат* «жат, бөтен» – *йат* «жату»; қара «тұр, тұс» – қара «қарау».

3. Үстенеу – етістік: кәч «кеш, уақыт мағынасында» – кәч «өтү мағынасында» т.б.

«Чингиз-наме» ескерткішіндегі лексика-семантикалық құбылыстар шығарманың көркем-ділігін нығайтуда үлкен рөл атқарған. «Чингиз-намеде» олардың жасалуы сырттан сөз қабылдау арқылы және тілдегі кейбір сөздердің ауыспалы (метафора), қарама-қарсы және дыбыстас қолданылуы арқылы жасалған.

ӘДЕБІЕТ

1. Юдин В.П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая... // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв. Алма-Ата, 1983. С. 106-165.

2. Утемиш-хаджи. Чингиз-наме (Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологический примечания, исследование В.П.Юдина. Комментарии и указатели М.Х.Абусеитовой. Алма-Ата: ғылым, 1992. 296 с.

3. Ширалиев М.Ш. Новые диалектные данные для истории тюркских языков // СТ. 1970. №5.

4. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі синонимдер. Алматы: ғылым, 1970. 336 б.

5. Щерба Л.В. Современный русский литературный язык // Русский язык в школе. 1939. №4. С.19-27.

6. Арзиеев Р. “Күтадғу билик” вә уніц лексика-стилисти-

килиқ алаңидиликлири. Алмута: гылым, 1996. 226 б.

7. *Кайдаров А.Т.* Парные слова в современном уйгурском языке. Алма-Ата: АН КазССР, 1958. 168 с.

8. *Новиков Л.А.* Антонимия в русском языке. М.: МГУ, 1973. 290 с.

9. *Рашид ад-дин Ватвам.* Сады волицества в тонкостях поэзии: Перевод с персидского, исследование и комментарий Н.Ю.Чалисовой. М.: Наука, 1985. 324 с.

10. *Сагындықов Б.* Қазақ тілі лексикасы дамуының этиологиялық негіздері. Алматы: Санат, 1994. 285 б.

11. *Аханов К.* Тіл біліміне кіріспе. Алматы: Мектеп, 1965. 600 б.

12. *Исабеков Б.* Лексическая антонимия в современном узбекском языке. АКД. Ташкент, 1973. 16 с.

13. *Болғанбаев Ә.* Қазақ тіліндегі антонимдер // Қазақ тілі мен әдебиеті. 1959. №10.

14. *Новиков Л.А.* Семантика русского языка. М.: Высшая школа, 1982. С. 272.

ного источника.

Summary

The studying written Turkic monuments discussed in the article became one of the main branches of linguistics. The article discusses methods of forming of lexical means and their structural and grammatical particularities of the work Chingiz-name by Utемиш Хаджи. The author considers some lexical-semantic features of the Turkic written source.

Резюме

Изучение письменных тюркских памятников является одной из важных задач языкоznания. В это связи в статье рассматриваются способ образования лексических средств и их структурно-грамматическая особенность в памятнике «Чингиз-наме» Утемиша Хаджи. Автор исследует некоторые лексико-семантические особенности тюркского письмен-